



Ата-аналар үшін нұсқаулық

Бұл нұсқаулық "Ел ертеңі – жас ұрпақ" бағдарламасы аясында "Бақытты бала – саналы ата-ана" жобасы бойынша "Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің тапсырысымен шығарылды.

Ата-аналар

Балаңыз буллинг жасамауы үшін және буллингтің құрбаны болмауы үшін келесі кеңестерді ескеріңіз.

1



Отбасы мүшелері арасында агрессивті қарым-қатынас жолдарына мүмкіндік бермеңіз.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші баланы үйде агрессорды да, жәбірленушіні де көргендіктен, одан екеуі де шығады.

Балаңызбен буллинг жайлы ашық сөйлесіңіз.

Мұндай тақырыптан ата-ананың хабардар екенін білу баланың керек жағдайда қысылмай бөлісу мүмкіндігін береді.

2



3

Балаңыздың физикалық және психоэмоционалды жеке шекараларын құрметтеңіз.




Күнделікті қарым-қатынаста баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, құрметтеу балада басқалардың жеке шекараларын құрметтеу дағдысын қалыптастырады.

Өз ойын еркін айтуға ынталандырыңыз.

4

Өз ойы отбасыда маңызды екенін сезінетін балалар ішкі проблемаларын еркін айтатын болады. Сонымен қатар, басқалардың жеке ойларын құрметтейді.



5


Балаңызды жиі мақтаңыз.



Мақтау баланың бойында жоғары өзбағаланым қалыптастырады. Сол арқылы басқалардың ойына тәуелділігі азаяды.

6

Сынып және мектеп іс-шараларына белсенді қатысыңыз.



Мектепке жиі келетін ата-ана баласының сыныптастарын, олардың ата-аналарын жақсы таниды. Мұндай таныстық жалпы проблемалардың алдын алуға көмектеседі.

Мектепте балаңыз буллинг жасаған болса, оны қорғап ақтауға тырыспаңыз.

7

Сол арқылы бала әрбір іс-әрекеті үшін жауапкершілік аруды үйренеді.



8

Балаңыз буллинге ұшыраған болса, оны айыптап кінәламаңыз.



Баланы «әлсіз», «өзіне сенімсіз», «жігіт емес», «соған да жылап қалдың ба?» секілді сөздермен айыптамаңыз. Буллингке ұшыраудың өзі бала үшін үлкен стресс. Қазір оған тек қорғау мен қолдау қажет.

9

Буллингті байқаған кезде балаңыздан не қалайтынын сұраңыз немесе анықтаңыз.



Кейде балаға сенімділік беріп, мұндай жағдайда не істеу керектігін түсіндіру жеткілікті болып жатады. Кейде араласып, жәбірлеушіні жауапкершілікке тарту керек болады.

Балаңыздың мектебіне күтпеген сәттерде барып тұрыңыз.

10

Балаңызды және құрбыларын шынайы мектеп ортасында көре аласыз.



**STOP
BULLYING**